

Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Қазақстан-Өзбекстан мемлекеттік шекарасы туралы шартты бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі N 453-ІІ Заңы.

Астанада 2001 жылғы 16 қарашада жасалған Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Қазақстан-Өзбекстан мемлекеттік шекарасы туралы шарт бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Қазақстан-Өзбекстан Мемлекеттік шекарасы туралы ШАРТ

(2003 жылғы 5 қыркүйекте күшіне енді - СИМ-нің ресми сайты)

Бұдан әрі Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы,

достық пен тату көршілік, өзара құрмет тұту және тең құқылық рухында,

екі мемлекеттің тәуелсіздігін, егемендігін, аумақтық тұтастығын, шекараларының мызғымастығын құрмет тұту, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, өзара түсіністік және өзара сенім білдіру қағидаттарының негізінде,

Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Мемлекеттік шекара сызығының (бұдан әрі - Мемлекеттік шекара) өтуін нақтылау және анықтау мақсатында,

Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Мәңгілік достық туралы 1998 жылғы 31 қазандағы шарттың ережелеріне сәйкес,

барлық егеменді мемлекеттердің өздерінің мемлекеттік шекараларын тиісті түрде қорғау үшін қажетті шаралар қабылдайтын ажырамас құқығын тани отырып,

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың бір-біріне қандай да бір аумақтық талаптары жоқ екенін растай отырып,

Мемлекеттік шекарада халықаралық құқықтық режимді қолдау қажеттігін назарға ала отырып,

бақылаудың шекаралық, кедендік, санитариялық және басқа да қажетті нысандарын қамтамасыз ету мақсатында,

халықаралық құқықтың жалпыға бірдей қабылданған нормаларына сәйкес,

төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар Қазақ Кеңес Социалистік Республикасы және Өзбек Кеңес Социалистік Республикасы арасындағы әкімшілік-аумақтық межелеу негізінде Мемлекеттік шекара сызығының өтуін белгіледі.

2-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Мемлекеттік шекара сызығы осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы мемлекеттік шекара сызығының өту сипаттамасына, бұдан әрі - Сипаттама (1-Қосымша), толық сәйкес өтеді деп уағдаласты.

3-бап

Мемлекеттік шекара сызығы 1:100 000 масштабтағы топографиялық карталардың және Арал теңізінің айдынына қатысты 1:200 000 масштабтағы ғарыштық фотокартаның парақтарына қызыл түспен түсірілген (2-Қосымша). Құрылысы тығыз және белсенді шаруашылық қызметі жүріп жатқан учаскелерде Мемлекеттік шекара сызығы 1:10 000

және 1:5 000 масштабтағы топографиялық карта парақтарына түсірілген (3-Қосымша). Екі Қосымша да осы Шарттың ажырамас бөліктері болып табылады.

Қазақ, өзбек және орыс тілдеріндегі Сипаттамалардың мәтіндерінде пайдаланылатын географиялық жеке атаулардың жазылуы жоғарыда көрсетілген карталарға сәйкес келеді.

Сипаттамада аталатын барлық арақашықтықтар және координаттар осы карталар бойынша өлшенген.

4-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы N 18 шекаралық нүктеден N 19 шекаралық нүктеге дейін, N 84 шекаралық нүктеден N 85 шекаралық нүктеге дейін, N 115 шекаралық нүктеден N 117 шекаралық нүктеге дейін Мемлекеттік шекара сызығының өтуі туралы мәселелерді шешу үшін келіссөздерді жалғастырудың және тиісті шарт дайындаудың қажеттігі туралы уағдаласты.

5-бап

Қазақстан Республикасының, Түрікменстанның және Өзбекстан Республикасының мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесі осы мемлекеттер арасындағы жеке шартпен белгіленетін болады.

6-бап

Шекаралық белдеуде, оның ішінде шекаралық өзендерде болуы мүмкін кез келген табиғи өзгерістер Мемлекеттік шекара сызығының өтуін өзгертуге әкеп соқпайды.

7-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар Бірлескен демаркациялық комиссия құруға және осы комиссияға Мемлекеттік шекара демаркациясын жүзеге асыруды, сондай-ақ егжей-тегжейлі демаркациялық карталар жасауды және демаркациялау нәтижелері бойынша құжаттар жобаларын әзірлеуді тапсыруға уағдаласты.

8-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар Мемлекеттік шекара режимін жеке шартпенен айқындайды.

9-бап

Осы Шарттың ережелерін түсіндіруге немесе қолдануға қатысты барлық мәселелерді Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар консультациялар және келіссөздер арқылы шешетін болады.

10-бап

Осы Шарттың мерзімі шексіз болып табылады және күші жойылуға жатпайды.

Осы Шарт бекітілуге жатады және бекіту грамоталарымен алмасқан күннен бастап күшіне енеді.

Астана қаласында 2001 жылғы 16 қарашада қазақ, өзбек және орыс тілдерінде екі данадан жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы шарттың ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасы үшін

Өзбекстан Республикасы үшін

Қазақстан Республикасы мен
Өзбекстан Республикасы

Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы
арасындағы Мемлекеттік шекара сызығы өтуінің
СИПАТТАМАСЫ

Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Өзбекстан Республикасының мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесінен бастап мемлекеттік шекара сызығы (К-42-70 карта парағы, снеголавин. ст. ОЙГАИНГ, 1970 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1982 жылғы басылым) Майдантальский жотасының су айырығы бойынша жалпы оңтүстік-батыс бағытта өтеді, Майдантал өзенін Қазақстан Республикасының аумағында, ал ОЙГАИНГ өзенін Өзбекстан Республикасының аумағында қалдырып, 3807.1, 4012.1, 3842.2 биіктік белгілері бар нүктелер, 4139.0 биіктік белгісі бар геодезиялық пункт, 4046.3, 4258.0, 4269.0 биіктік белгілері бар нүктелер, 4135.7 биіктік белгісі бар геодезиялық пункт, 3848.9, 3588.6, 3376.0 биіктік белгілері бар нүктелер, 3356.2 биіктік белгісі бар геодезиялық пункт, 3990.5, 2410.5 биіктік белгілері бар нүктелер арқылы N 1 шекаралық нүктеге жетеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 45.72 километр құрайды.

N 1 шекаралық нүкте (К-42-70 карта парағы, снеголавин. ст. ОЙГАИНГ, 1970 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1982 жылғы басылым) 2403.6 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен солтүстік-батысқа қарай 3.18 километр қашықтықта, 3417.5 биіктік белгісі бар Ахчар геодезиялық пунктінен шығыс-солтүстік-шығысқа қарай 5.00 километр қашықтықта 1938.0 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен оңтүстікке қарай 2.40 километр қашықтықта Майдантальский жотасының су айырығында орналасқан. N 1 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы түзу сызық бойынша оңтүстік бағытта N 2 шекаралық нүктеге дейін өтеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 1.20 километр құрайды.

N 2 шекаралық нүкте (К-42-70 карта парағы, снеголавин. ст. ОЙГАИНГ, 1970 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1982 жылғы басылым) 2403.6 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен батыс-солтүстік-батысқа қарай 2.49 километр қашықтықта, 3417.5 биіктік белгісі бар, Ахчар геодезиялық пунктінен шығысқа қарай 4.60 километр қашықтықта, 1938.0 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен оңтүстікке қарай 3.62 километр қашықтықта Майдантал өзенінің ортасында орналасқан. N 2 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы 2945.5 биіктік белгісі бар нүктеге дейін Угамский жотасындағы атаусыз сілемінің су айырығы бойынша жалпы батыс-оңтүстік-батыс бағытта өтеді, одан кейін бағытын жалпы солтүстік-батысқа өзгертіп, Угамский жотасындағы атаусыз сілемнің су айырығы бойынша өтуін жалғастырады да 3417.5 биіктік белгісі бар Ахчар геодезиялық пункт, 3430.8 биіктік белгісі бар нүкте, 3644.5 биіктік белгісі бар геодезиялық пункт, Турпакбель асуы,

3394.1, 3718.0, 3889.5 биіктік белгілері бар нүктелер арқылы өтеді, әрі қарай К-42-69 карта парағына көшіп, 3846.9 биіктік белгісі бар нүкте арқылы N 3 шекаралық нүктеге жетеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 21.90 километр құрайды.

N 3 шекаралық нүкте (К-42-69 карта парағы, ГЕОРГИЕВКА, 1985 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1991 жылғы басылым) Сайрамский шыңындағы 4236.1 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен оңтүстікке қарай 3.15 километр қашықтықта, 3319.1 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен солтүстікке қарай 8.63 километр қашықтықта, 3348.8 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен шығыс-оңтүстік-шығысқа қарай 9.93 километр қашықтықта Угамский жотасының су айырығында орналасқан. N 3 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы Каракызсай өзенінің бастауларын Өзбекстан Республикасының аумағында, ал Сайрамсу мен Сарыайғыр өзендерінің бастауларын Қазақстан Республикасының аумағында қалдыра отырып, жалпы батыс-оңтүстік-батыс бағытта Угамский жотасының су айырығы бойынша 3786.0, 3641.7, 3629.4 биіктік белгілері бар нүктелер, 3872.8 биіктік белгісі бар геодезиялық пункт, 3358.8 биіктік белгісі бар нүкте арқылы N 4 шекаралық нүктеге жетеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 17.50 километр құрайды.

N 4 шекаралық нүкте (К-42-69 карта парағы, ГЕОРГИЕВКА, 1985 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1991 жылғы басылым) Угамский жотасының су айырығында орналасқан 3502.9 биіктік белгісі бар геодезиялық пунктпен біріктірілген. N 4 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы Угамский жотасының су айырығы бойынша алдымен жалпы оңтүстік бағытта 3359.4, 3168.4 биіктік белгілері бар нүктелер арқылы К-42-81 карта парағына көшеді, 3610.1 биіктік белгісі бар геодезиялық пункт арқылы өтеді де 3508.4 биіктік белгісі бар геодезиялық пунктке жетеді, одан кейін бағытын жалпы оңтүстік-батысқа өзгертеді де Яхаксай өзенінің бастауларын Өзбекстан Республикасының аумағында, ал Минтукумсай өзенінің бастауларын Қазақстан Республикасының аумағында қалдыра отырып, 3387.0 биіктік белгісі бар нивелирлік белгі, 3384.0 биіктік белгісі бар Курумжол асуы, 3572.1, 3615.1 биіктік белгілері бар геодезиялық пункттер, 3503.1, 3429.0, 3353.7, 3352.0 биіктік белгілері бар нүктелер, 3377.8 биіктік белгісі бар геодезиялық пункт, 3225.9 биіктік белгісі бар нүкте, 2617.4 биіктік белгісі бар Биркол асуы, 2542.6 биіктік белгісі бар геодезиялық пункт арқылы өтеді, одан әрі 2360.8 биіктік белгісі бар Яхак асуы арқылы су айырығы бойымен жүріп, N 5 шекаралық нүктеге жетеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 46.50 километр құрайды.

N 5 шекаралық нүкте (К-42-81 карта парағы, СИДЖАК, 1983 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1989 жылғы басылым) 2542.6 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен оңтүстік-оңтүстік-батысқа қарай 3.22 километр қашықтықта, 2716.4 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен батыс-оңтүстік-батысқа қарай 3.32 километр қашықтықта, 2501.5 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен

солтүстік-солтүстік-шығысқа қарай 2.64 километр қашықтықта 2386.5 биіктік белгісі бар Минчукурбель асуында орналасқан. N 5 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы батыс-солтүстік-батыс бағытта Терссай өзенін қия отырып, N 6 шекаралық нүктеге дейін барады. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 2.40 километр құрайды.

N 6 шекаралық нүкте (К-42-81 карта парағы, СИДЖАК, 1983 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1989 жылғы басылым) 2716.4 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен батысқа қарай 5.24 километр қашықтықта, 2501.5 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен солтүстік-солтүстік-батысқа қарай 3.12 километр қашықтықта, 1699.2 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен оңтүстікке қарай 6.60 километр қашықтықта орналасқан. N 6 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы түзу сызық бойынша солтүстік бағытта өтеді де N 7 шекаралық нүктеге жетеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 1.23 километр құрайды.

N 7 шекаралық нүкте (К-42-81 карта парағы, СИДЖАК, 1983 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1989 жылғы басылым) 2716.4 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен батысқа қарай 5.26 километр қашықтықта, 2501.5 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен солтүстік-солтүстік-батысқа қарай 4.30 километр қашықтықта, 1699.2 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен оңтүстікке қарай 5.40 километр қашықтықта орналасқан. N 7 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы түзу сызық бойынша батыс бағытта N 8 шекаралық нүктеге жетеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 1.15 километр құрайды.

N 8 шекаралық нүкте (К-42-81 карта парағы, СИДЖАК, 1983 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1989 жылғы басылым) 2716.4 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен батысқа қарай 6.40 километр қашықтықта, 2501.5 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен солтүстік-солтүстік-батысқа қарай 4.81 километр қашықтықта, 1699.2 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен оңтүстікке қарай 5.29 километр қашықтықта орналасқан. N 8 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы оңтүстік бағытта түзу сызық бойынша N 9 шекаралық нүктеге дейін барады. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 0.71 километр құрайды.

N 9 шекаралық нүкте (К-42-81 карта парағы, СИДЖАК, 1983 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1989 жылғы басылым) 716.4 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен батысқа қарай 6.44 километр қашықтықта, 2501.5 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен солтүстік-солтүстік-батысқа қарай 4.22 километр қашықтықта, 1699.2 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен оңтүстікке қарай 6.03 километр қашықтықта орналасқан. N 9 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы түзу сызық бойынша батыс-оңтүстік-батыс бағытта К-42-80 карта парағына көшеді де N 10 шекаралық нүктеге жетеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 3.01 километр құрайды.

№ 10 шекаралық нүкте (К-42-80 карта парағы, ХУМСАН, 1980 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1985 жылғы басылым) Керагил жотасының су айырығында орналасқан 2317.2 биіктік белгісі бар нүктемен сәйкес келеді және Гиза асуынан солтүстік-солтүстік-батысқа қарай 238 километр қашықтықта, 2347.0 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен солтүстік-солтүстік-шығысқа қарай 2.40 километр қашықтықта, 1074.7 биіктік белгісі бар нивелирлік белгіден оңтүстікке қарай 3.35 километр қашықтықта орналасқан. № 10 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы Керагил жотасының су айырығы бойынша жалпы оңтүстік-оңтүстік-батыс бағытта 2373.7 биіктік белгісі бар геодезиялық пункт арқылы 2056.9 биіктік белгісі бар геодезиялық пунктке дейін өтеді, ол жерде бағытын батыс-солтүстік-батысқа қарай өзгертіп, 0.40 километр ұзақтықта түзу сызық бойынша өтеді де бағытын батыс-оңтүстік-батысқа өзгертеді, сөйтіп атауы жоқ жылғаны бойлап, оның Угам өзеніне құятын жеріне дейін төмен түсіп № 11 шекаралық нүктеге жетеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 8.80 километр құрайды.

№ 11 шекаралық нүкте (К-42-80 карта парағы, ХУМСАН, 1980 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1985 жылғы басылым) 981.0 биіктік белгісі бар нивелирлік белгіден оңтүстікке қарай 2.90 километр қашықтықта, 2056.9 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен батыс-оңтүстік-батысқа қарай 2.73 километр қашықтықта, Угам өзеніне Каракузсай өзені құятын жерден оңтүстікке қарай 0.13 километр қашықтықта Угам өзенінің ортасында орналасқан. № 11 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы жалпы оңтүстік бағытта Угам өзенінің ортасы бойынша ағысты бойлап төмен қарай оған Курганташсай жылғасы құятын жерге дейін 1.50 километр өтеді, одан соң, бағытын жалпы батысқа қарай өзгертіп, мемлекеттік шекара сызығы Курганташсай жылғасының ортасы бойынша 4.30 километр ұзақтықта өтіп, № 12 шекаралық нүктеге жетеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 5.80 километр құрайды.

№ 12 шекаралық нүкте (К-42-80 карта парағы, ХУМСАН, 1980 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1985 жылғы басылым) 1259.7 биіктік белгісі бар нивелирлік белгіден солтүстік-солтүстік-батысқа қарай 4.12 километр қашықтықта, 2319.5 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен оңтүстікке қарай 6.59 километр қашықтықта, Мингбулак тауында орналасқан 2823.8 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен шығыс-оңтүстік-шығысқа қарай 3.77 километр қашықтықта Курганташсай жылғасының ортасында орналасқан. № 12 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы соқпақ бойымен 1.80 километр ұзақтықта жалпы батыс-солтүстік-батыс бағытта өтеді де Каржантау жотасы сілемінің су айырығына шығады, әрі қарай Каржантау жотасы сілемінің су айырығы бойынша 1.16 километр ұзақтықта жалпы батыс-солтүстік-батыс бағытта Каржантау жотасының су айырығына шығады, одан кейін аталған жотаның су айырығы бойынша жалпы батыс-оңтүстік-батыс бағытта Мингбулак тауында орналасқан 2823.8 биіктік белгісі бар геодезиялық пункт арқылы,

2751.7 биіктік белгісі бар геодезиялық пункт, 2570.2, 2508.1, 2211.6 биіктік белгілері бар нүктелер, Ақтам тауында орналасқан 2303.5 биіктік белгісі бар геодезиялық пункт арқылы N 13 шекаралық нүктеге жетеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 14.30 километр құрайды.

N 13 шекаралық нүкте (К-42-80 карта парағы, ХУМСАН, 1980 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1985 жылғы басылым) 1478.8 биіктік белгісі бар нивелирлік белгіден оңтүстік-шығысқа қарай 5.18 километр қашықтықта, Ақтам тауында орналасқан 2303.5 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен оңтүстік-батысқа қарай 1.40 километр қашықтықта, 2164.2 биіктік белгісі бар Чимган тауынан солтүстік-солтүстік-шығысқа қарай 1.99 километр қашықтықта соқпақтардың айырығында орналасқан. N 13 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы жалпы батыс-оңтүстік-батыс бағытта соқпақты бойлап N 14 шекаралық нүктеге дейін өтеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 8.50 километр құрайды.

N 14 шекаралық нүкте (К-42-80 карта парағы, ХУМСАН, 1980 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1985 жылғы басылым) 1309.5 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен шығысқа қарай 6.70 километр қашықтықта, 1768.3. биіктік белгісі бар Лагерная тауынан солтүстік-батысқа қарай 2.31 километр қашықтықта Сарытепа тауында орналасқан 1717.4 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен солтүстік-солтүстік-батысқа қарай 3.93 километр қашықтықта Кошнар шатқалындағы соқпақта орналасқан. N 14 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы түзу сызық бойынша батыс-оңтүстік-батыс бағытта жүреді де, К-42-92 карта парағына көшіп, N 15 шекаралық нүктеге жетеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 1.32 километр құрайды.

N 15 шекаралық нүкте (К-42-92 карта парағы, ЧИРЧИК, 1978-83 жылдардағы жергілікті жердің жағдайы, 1986 жылғы басылым) Азадбаш тауында орналасқан 1279.5 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен солтүстік-солтүстік-шығысқа қарай 5.70 километр қашықтықта, Сарытепа тауында орналасқан 1717.4 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен солтүстік-батысқа қарай 3.98 километр қашықтықта, 1309.5 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен шығыс-оңтүстік-шығысқа қарай 5.63 километр қашықтықта дала жолында орналасқан. N 15 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы дала жолы бойымен жалпы оңтүстік-батыс бағытта өтіп, одан кейін сол бағытта дала жолынан шығып, түзу сызық бойынша 0.26 километр ұзақтықта N 16 шекаралық нүктеге жетеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 5.50 километр құрайды.

N 16 шекаралық нүкте (К-42-92, ЧИРЧИК, 1978-83 жылдардағы жергілікті жердің жағдайы, 1986 жылғы басылым) Сарытепа тауының шыңындағы 1717.4 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен батысқа қарай 6.54 километр қашықтықта, 1046.4 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен солтүстікке қарай 4.16 километр қашықтықта, 868.8 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен оңтүстік-шығысқа қарай 6.04 километр

қашықтықта 1285.7 биіктік белгісі бар Кокпак тауында орналасқан. N 16 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы 0.59 километр ұзақтықта түзу сызық бойынша оңтүстік-батыс бағытта Сарытобе тауының алқабына шығады да одан кейін алқапты бойлап жалпы оңтүстік бағытта тартылып бара жатқан атаусыз жылғаға жетіп, әрі қарай аталған жылға бойынша төмен қарай жалпы оңтүстік-батыс бағытта N 17 шекаралық нүктеге дейін барады. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 9.20 километр құрайды.

N 17 шекаралық нүкте (К-42-92, ЧИРЧИК, 1978-83 жылдардағы жергілікті жердің жағдайы, 1986 жылғы басылым) Ташбулак тауында орналасқан 798.1 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен солтүстік-батысқа қарай 4.74 километр қашықтықта, 702.8 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен солтүстік-солтүстік-батысқа қарай 0.95 километр қашықтықта, ЖБ 33-7/60 сипаты бар көпірден оңтүстікке қарай 0.80 километр қашықтықта тартылып бара жатқан атаусыз жылғаның арнасында орналасқан. N 17 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы түзу сызық бойынша оңтүстік-оңтүстік-батыс бағытта N 18 шекаралық нүктеге жетеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 2.69 километр құрайды.

N 18 шекаралық нүкте (К-42-92, ЧИРЧИК, 1978-83 жылдардағы жергілікті жердің жағдайы, 1986 жылғы басылым) ЖБ 33-7/60 сипаты бар көпірден оңтүстік-оңтүстік-батысқа қарай 3.41 километр қашықтықта, Ташбулак тауында орналасқан 798.1 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен батыс-солтүстік-батысқа қарай 4.28 километр қашықтықта, 671.1 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен солтүстік-солтүстік-батысқа қарай 2.08 километр қашықтықта Кокмуйонсай жылғасы мен Чирчик - Багиж ауыл жолының қиылысында орналасқан.

N 18 және N 19 шекаралық нүктелер арасындағы мемлекеттік шекара сызығын сипаттау жүргізілген жоқ.

N 19 шекаралық нүкте (1:10 000 масштабтағы К-42-91-Г-б-2 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1998 жылғы басылым) Вышка тауындағы 666.6/666.3 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен оңтүстік-батысқа қарай 2.89 километр қашықтықта, 618.8 белгісі бар биіктіктен оңтүстік-шығысқа қарай 0.54 километр қашықтықта Зах каналының ортасында орналасқан. N 19 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы (1:10 000 масштабтағы К-42-91-Г-б-2 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1998 жылғы басылым, К-42-91-Г-б-1, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1998 жылғы басылым, К-42-91-Г-а-2, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1999 жылғы басылым) Зах каналының ортасы бойынша жалпы алғанда батыс бағытта N 20 шекаралық нүктеге дейін барады. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 9.00 километр құрайды.

N 20 шекаралық нүкте (1:10 000 масштабтағы К-42-91-Г-а-2 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1999 жылғы басылым) 569.2/568.7 белгісі бар биіктіктегі геодезиялық пункттен оңтүстік-шығысқа қарай 1.90 километр қашықтықта,

Зах каналы арқылы өтетін ЖБ 38-14/40 автожол көпірінің ортасынан шығысқа қарай 1.25 километр қашықтықта Зах каналының ортасында орналасқан. N 20 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы Зах каналынан су қашыртқысы бойынша Ханарық арығына шығып, осы арықтың ортасымен 1.20 километр ұзақтықта жалпы батыс-солтүстік-батыс бағытта өтеді, әрі қарай атаусыз арыққа өтеді, оны бойлап 0.26 километрден кейін жалпы солтүстік-солтүстік-батыс бағытта екі мемлекеттің кедендік бекеттеріне, олардың арасы арқылы жүріп отырып, Исаков көшесіне шығады, әрі қарай қисық сызықпен үй жанындағы учаскелерді бөлетін шарбақтармен атаусыз арыққа шығып, осы арықтың ортасымен оңтүстік бағытта N 21 шекаралық нүктеге жетеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 2.56 километр құрайды. (N 20 шекаралық нүктеден N 21 шекаралық нүктеге дейінгі мемлекеттік шекара сызығының өтуін сипаттау 1:5000 масштабтағы сызба бойынша орындалған, 2000 жылғы жергілікті жердің жағдайы).

N 21 шекаралық нүкте (1:10 000 масштабтағы К-42-91-Г-а-2 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1999 жылғы басылым) 569.2/568.7 белгісі бар биіктіктегі геодезиялық пункттен оңтүстік-оңтүстік-шығысқа қарай 1.07 километр қашықтықта, Зах каналы арқылы өтетін ЖБ 38-14/40 сипаты бар автожол көпірінің ортасынан батысқа қарай 0.14 километр қашықтықта, Зах каналының ортасында, оған атаусыз арықтың құятын жерінде орналасқан. N 21 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы (1:10 000 масштабтағы К-42-91-Г-а-2 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1999 жылғы басылым, К-42-91-Г-а-4, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1999 жылғы басылым, К-42-91-Г-а-3, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1999 басылым) Зах каналының ортасымен ағысты бойлап төмен қарай бойлап жалпы батыс-оңтүстік-батыс бағытта N 22 шекаралық нүктеге дейін барады. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 10.90 километр құрайды.

N 22 шекаралық нүкте (1:10 000 масштабтағы К-42-91-Г-а-3 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1999 жылғы басылым) 516.9 белгісі бар биіктіктен оңтүстікке қарай 0.90 километр қашықтықта, 532.3 биіктік белгісі бар Калмакчеккан төбесіндегі геодезиялық пункттен солтүстікке қарай 0.89 километр қашықтықта, Зах каналының ортасында, одан Заур арығының шығатын жерінде орналасқан. N 22 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы (1:10 000 масштабтағы К-42-91-Г-а-3 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1999 жылғы басылым, К-42-91-Г-а-1, 1987 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1998 жылғы басылым) жалпы солтүстік-батыс бағытта Заур арығының ортасы бойынша ағысты бойлап төмен қарай N 23 шекаралық нүктеге дейін барады. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 4.30 километр құрайды.

N 23 шекаралық нүкте (1:10 000 масштабтағы К-42-91-Г-а-1 карта парағы, 1987 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1998 жылғы басылым) Таскулакский су

қашыртқысынан өтетін көпірдің ортасынан оңтүстік-оңтүстік-батысқа қарай 1.48 километр қашықтықта Заур арығынан өтетін өткелден солтүстік-солтүстік-батысқа қарай 0.20 километр қашықтықта Келес өзенінің ортасында, оған Заур арығының құятын жерінде орналасқан. N 23 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы (1:10 000 масштабтағы карта парақтары - К-42-91-Г-а-1, 1987 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1998 жылғы басылым, К-42-91-В-б-2, 1987 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1990 жылғы басылым) жалпы батыс-оңтүстік-батыс бағытта Келес өзенінің ортасы бойынша ағысты бойлап төмен қарай N 24 шекаралық нүктеге дейін өтеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 3.50 километр құрайды.

N 24 шекаралық нүкте (1:10 000 масштабтағы К-42-91-В-б-2 карта парағы, 1987 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1990 жылғы басылым) су айдайтын мұнарадан оңтүстік-батысқа қарай 1.49 километр қашықтықта, 430.2/429.8 биіктік белгісі бар нивелирлік белгіден солтүстік-солтүстік-шығысқа қарай 2.14 километр қашықтықта, Келес өзенінің ортасында, одан Кескен каналының шығатын жерінде орналасқан. N 24 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы (1:10 000 масштабтағы карта парақтары - К-42-91-В-б-2, 1987 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1990 жылғы басылым, К-42-91-В-б-4, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1999 жылғы басылым, К-42-91-В-б-3, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1999 жылғы басылым) Келес өзенінің ортасы бойынша ағысты бойлап төмен қарай жалпы батыс-оңтүстік-батыс бағытта N 25 шекаралық нүктеге жетеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 5.15 километр құрайды.

N 25 шекаралық нүкте (1:10 000 масштабтағы К-42-91-В-б-3 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1999 жылғы басылым) Ташкент-Арысь темір жолы Келес өзенінің ортасымен қиылысатын жердегі темір жол көпірінде орналасқан. N 25 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы жалпы батыс-оңтүстік-батыс бағытта Келес өзенінің ортасымен ағысты бойлап төмен қарай N 26 шекаралық нүктеге дейін барады. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 1.60 километр құрайды.

N 26 шекаралық нүкте (1:10 000 масштабтағы К-42-91-В-б-3 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1999 жылғы басылым) су айдайтын мұнарадан батыс-оңтүстік-батысқа қарай 0.54 километр қашықтықта, Келес өзені арқылы өтетін ЖБ 57-8/60 сипаты бар автожол көпірінің ортасынан солтүстік-шығысқа қарай 0.68 километр қашықтықта Келес өзенінің ортасында орналасқан. N 26 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы дала жолына дейін 0.40 километр ұзақтықта атаусыз арық бойымен жалпы алғанда солтүстік-солтүстік-батыс бағытта өтеді, одан кейін бағытын жалпы батыс-солтүстік-батысқа өзгертіп, Кескен каналына дейін 0.62 километр ұзақтықта дала жолымен өтеді, әрі қарай Кескен каналынан атаусыз арық шығатын жерге дейін 0.46 километр ұзақтықта жалпы батыс бағытта Кескен каналының ортасымен ағысты бойлап төмен қарай өтеді, содан соң жалпы

оңтүстік-оңтүстік-шығыс бағытта атаусыз арық бойымен N 27 шекаралық нүктеге дейін өтеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 2.70 километр құрайды.

N 27 шекаралық нүкте (1:10 000 масштабтағы К-42-91-В-б-3 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1999 жылғы басылым) трансформатор будкасынан шығыс-оңтүстік-шығысқа қарай 1.95 километр қашықтықта, Келес өзені арқылы өтетін ЖБ 57-8/60 сипаты бар автожол көпірінің ортасынан батыс-солтүстік-батысқа қарай 0.13 километр қашықтықта Келес өзенінің ортасында орналасқан. N 27 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы (1:10 000 масштабтағы К-42-91-В-б-3 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1999 жылғы басылым және К-42-91-В-г-1, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1999 жылғы басылым) Келес өзенінің ортасы бойынша оған атаусыз коллектор енетін тұсқа дейін 3.60 километр ұзақтықта ағысты бойлап төмен қарай өтеді, әрі қарай атаусыз коллектордың ортасы бойынша жалпы шығыс-оңтүстік-шығыс бағытта өтеді, екі коллектордың түйіскен жерінде бағытын жалпы оңтүстік-оңтүстік-шығысқа қарай өзгертеді де атаусыз коллектордың ортасы бойынша N 28 шекаралық нүктеге жетеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 7.50 километр құрайды.

N 28 шекаралық нүкте (1:10 000 масштабтағы К-42-91-В-г-1 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1999 жылғы басылым) 441.1 белгісі бар биіктіктен шығысқа қарай 1.20 километр қашықтықта, су айдайтын мұнарадан солтүстік-солтүстік-шығысқа қарай 1.32 километр қашықтықта Зах каналының ортасында, одан Ашынау каналының шығатын жерінде орналасқан. N 28 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы (1:10 000 масштабтағы К-42-91-В-г-1 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1999 жылғы басылым, К-42-91-В-в-2, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1999 жылғы басылым, К-42-91-В-в-4, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1999 жылғы басылым) Зах каналының ортасы бойынша 2.90 километр ұзақтықта жалпы оңтүстік-батыс бағытта өтіп, бағытын жалпы батысқа қарай өзгертеді, атаусыз каналдың ортасы бойынша өтеді, әрі қарай бағытын жалпы солтүстікке қарай өзгертеді де әуелі тас жолдың шығыс қапталы бойынша, одан кейін атаусыз коллекторға дейін дала жолымен жалпы солтүстік-солтүстік-батыс бағытта өтеді, осы коллектор бойынша жалпы батыс бағытта Рамадан елді мекеніне дейін өтеді, әрі қарай көше ортасымен батыс бағытта өтіп, 0.28 километрден кейін оңтүстік-оңтүстік-батысқа қарай бағытын өзгертеді де көше ортасымен 0.27 километрден кейін атаусыз коллекторға шығады, осы коллектордың ортасымен 0.70 километр ұзақтықта жалпы алғанда солтүстік-батыс бағытта атаусыз екі коллектордың тоғысқан жеріне дейін жүріп отырып, одан әрі жалпы оңтүстік-оңтүстік-батыс бағытта ағысты бойлап төмен қарай Аччисай коллекторының ортасымен N 29 шекаралық нүктеге жетеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 12.30 километр құрайды.

№ 29 шекаралық нүкте (1:10 000 масштабтағы К-42-91-В-в-4, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1999 жылғы басылым) 429.9/430.2 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен шығыс-оңтүстік-шығысқа қарай 1.07 километр қашықтықта, 421.3 биіктік белгісінен солтүстік-солтүстік-батысқа қарай 0.97 километр қашықтықта Аччисай коллекторының ортасында орналасқан. № 29 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы көше бойымен 0.06 километр ұзақтықта батыс-солтүстік-батыс бағытта өтеді, әрі қарай осы көшеден солтүстікке бұрылып, 0.03 километр өтеді де батысқа бұрылады, көше бойымен 0.16 километр өтіп, оңтүстікке бұрылады, көшемен 0.04 километр өтеді, одан кейін батысқа бұрылады, атаусыз арыққа дейін 0.16 километр түзу сызықпен өтеді, ол жерде оңтүстікке бұрылады және аталған арық бойымен 0.09 километр ұзақтықта оның атаусыз коллекторға құятын жеріне дейін барады, әрі қарай батысқа бұрылады және атаусыз коллектордың ортасы бойынша оған атаусыз арық құятын жерге дейін 0.48 километр ұзақтықта өтіп, сосын солтүстік-батыс бағытта бұрылады да аталған арық бойымен 0.09 километр ұзақтықта жүреді, одан кейін батысқа бұрылады да Безводный (Гулистан) елді мекені көшесінің ортасы бойынша Т-бейнелі қиылысқа дейін өтіп, сол бағытта түзу сызық бойынша № 30 шекаралық нүктеге жетеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 1.63 километр құрайды.

№ 30 шекаралық нүкте (1:10 000 масштабтағы К-42-91-В-в-4 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1999 жылғы басылым) Аччинау каналынан өтетін автожол көпірдің ортасында орналасқан. № 30 шекаралық нүктеден бастап мемлекеттік шекара сызығы (1:10 000 масштабтағы К-42-91-В-в-4 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1999 жылғы басылым, К-42-91-В-в-2, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1999 жылғы басылым) Аччинау каналының ортасымен ағысты бойлап жоғары қарай жалпы солтүстік-солтүстік-шығыс бағытта өтеді, 2.00 километрден кейін бағытын солтүстік-батысқа өзгертеді және 0.30 километр көше бойымен өтіп, одан кейін жалпы солтүстік-батыс бағытта атаусыз коллектордың ортасымен № 31 шекаралық нүктеге дейін барады. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 3.30 километр құрайды.

№ 31 шекаралық нүкте (1:10 000 масштабтағы К-42-91-В-в-2 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1999 жылғы басылым) трансформатор будкасынан оңтүстік-оңтүстік-батысқа қарай 1.92 километр қашықтықта, 403.5 биіктік белгісінен шығыс-солтүстік-шығысқа қарай 0.42 километр қашықтықта атаусыз коллектордың ортасында орналасқан. № 31 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы батыс-оңтүстік-батыс бағытта түзу сызық бойынша өтіп, К-42-91-В-в-4 карта парағына көшеде де № 32 шекаралық нүктеге жетеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 1.53 километрді құрайды.

№ 32 шекаралық нүкте (1:10 000 масштабтағы К-42-91-В-в-4 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1999 жылғы басылым) 429.91/430.2 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен солтүстік-шығысқа қарай 2.22 километр қашықтықта,

трансформатор будкасынан солтүстік-солтүстік-батысқа қарай 2.45 километр қашықтықта Көктерек елді мекені көшелерінің Т-бейнелі қиылысында орналасқан. N 32 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы түзу сызық бойымен оңтүстік-батыс бағытта өтіп, К-42-91-В-в-3 парағына көшеді де N 33 шекаралық нүктеге жетеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 0.46 километр құрайды.

N 33 шекаралық нүкте (1:10 000 масштабтағы К-42-91-В-в-3 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1998 жылғы басылым) 428.3/428.6 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен шығыс-солтүстік-шығысқа қарай 1.46 километр қашықтықта, ескерткіштен солтүстікке қарай 0.72 километр қашықтықта Көктерек елді мекені көшелерінің және Красино - Кауыншы тас жолының Т-бейнелі қиылысында орналасқан. N 33 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы түзу сызық бойымен оңтүстік-батыс бағытта өтеді де N 34 шекаралық нүктеге жетеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 0.93 километр құрайды.

N 34 шекаралық нүкте (1:10 000 масштабтағы К-42-91-В-в-3 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1998 жылғы басылым) 428.31/428.6 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен шығыс-оңтүстік-шығысқа қарай 0.75 километр қашықтықта, ескерткіштен батысқа қарай 0.67 километр қашықтықта ауыл жолы мен дала жолының қиылысында орналасқан. N 34 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы түзу сызық бойымен батыс-оңтүстік-батыс бағытта өтеді де N 35 шекаралық нүктеге жетеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 2.36 километр құрайды.

N 35 шекаралық нүкте (1:10 000 масштабтағы К-42-91-В-в-3 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1998 жылғы басылым) 428.31/428.6 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен оңтүстік-батысқа қарай 1.84 километр қашықтықта, су айдайтын мұнарадан батысқа қарай 1.26 километр қашықтықта орналасқан. N 35 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы түзу сызық бойымен оңтүстік-оңтүстік-шығыс бағытта өтеді де N 36 шекаралық нүктеге жетеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 0.56 километр құрайды.

N 36 шекаралық нүкте (1:10 000 масштабтағы К-42-91-В-в-3 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1998 жылғы басылым) 403.1/402.6 биіктік белгісі бар нивелирлік белгіден шығыс-солтүстік-шығысқа қарай 1.44 километр қашықтықта, су айдайтын мұнарадан батыс-оңтүстік-батысқа қарай 1.18 километр қашықтықта орналасқан. N 36 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы түзу сызық бойымен шығыс бағытта өтеді де N 37 шекаралық нүктеге дейін барады. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 1.98 километр құрайды.

N 37 шекаралық нүкте (1:10 000 масштабтағы К-42-91-В-в-3 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1998 жылғы басылым) су айдайтын мұнарадан солтүстік-солтүстік-шығысқа қарай 1.42 километр қашықтықта, трансформатор

будкасынан батыс-оңтүстік-батысқа қарай 0.74 километр қашықтықта орналасқан. N 37 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы түзу сызық бойымен оңтүстік-оңтүстік-батыс бағытта К-42-103-А-а-1 карта парағына өтеді де N 38 шекаралық нүктеге жетеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 2.84 километр құрайды.

N 38 шекаралық нүкте (1:10 000 масштабтағы К-42-103-А-а-1 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1997 жылғы басылым) электр шағын станциясынан оңтүстік-шығысқа қарай 1.08 километр қашықтықта, 431.4 биіктік белгісінен батысқа қарай 1.57 километр қашықтықта орналасқан. N 38 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы түзу сызық бойымен шығыс бағытта өтеді де N 39 шекаралық нүктеге жетеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 0.06 километр құрайды.

N 39 шекаралық нүкте (1:10 000 масштабтағы К-42-103-А-а-1 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1997 жылғы басылым) 404.6 биіктік белгісінен шығысқа қарай 0.85 километр қашықтықта, 431.4 биіктік белгісінен батысқа қарай 1.51 километр қашықтықта орналасқан. N 39 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы түзу сызық бойымен шығыс бағытта өтеді де N 40 шекаралық нүктеге жетеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 0.30 километр құрайды.

N 40 шекаралық нүкте (1:10 000 масштабтағы К-42-103-А-а-1 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1997 жылғы басылым) 431.4 белгісі бар биіктіктен батысқа қарай 1.54 километр қашықтықта, кіші электрстанциядан оңтүстік-шығысқа қарай 1.32 километр қашықтықта орналасқан. N 40 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы түзу сызық бойынша оңтүстік-шығыс бағытта N 41 шекаралық нүктеге дейін барады. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 0.76 километр құрайды.

N 41 шекаралық нүкте (1:10 000 масштабтағы К-42-103-А-а-1 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1997 жылғы басылым) 431.4 белгісі бар биіктіктен оңтүстік-батысқа қарай 1.37 километр қашықтықта, кіші электрстанциядан оңтүстік-шығысқа қарай 2.08 километр қашықтықта орналасқан. N 41 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы түзу сызық бойынша оңтүстік бағытта N 42 шекаралық нүктеге дейін барады. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 0.72 километр құрайды.

N 42 шекаралық нүкте (1:10 000 масштабтағы К-42-103-А-а-1 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1997 жылғы басылым) 421.1 белгісі бар биіктіктен батыс-солтүстік-батысқа қарай 0.42 километр қашықтықта, 412.4 белгісі бар биіктіктен шығыс-солтүстік-шығысқа қарай 0.78 километр қашықтықта атаусыз арықтың ортасында орналасқан. N 42 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы жалпы оңтүстік-батыс бағытта атаусыз арық бойымен 1.20 километр ұзақтықта жүріп, басқа

атаусыз арыққа өтеді де жалпы батыс-оңтүстік-батыс бағытта атаған арықтың ортасымен 2.00 километр ұзақтықта N 43 шекаралық нүктеге дейін барады. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 3.20 километр құрайды.

N 43 шекаралық нүкте (1:10 000 масштабтағы K-42-103-A-a-1 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1997 жылғы басылым) 380.4 белгісі бар биіктіктен шығыс-солтүстік-шығысқа қарай 0.62 километр қашықтықта, 393.4 белгісі бар биіктіктен батысқа қарай 1.04 километр қашықтықта атаусыз арықтың ортасында орналасқан. N 43 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы жалпы оңтүстік бағытта шосселік жолдың шығыс жиегінің бойымен өтеді, K-42-103-A-a-3 картаның парағына өтеді де N 44 шекаралық нүктеге дейін барады. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 2.12 километр құрайды.

N 44 шекаралық нүкте (1:10 000 масштабтағы K-42-103-A-a-3 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1997 жылғы басылым) 380.4 белгісі бар биіктіктен солтүстік-батысқа қарай 0.38 километр қашықтықта, 360.7 белгісі бар биіктіктен шығыс-оңтүстік-шығысқа қарай 0.53 километр қашықтықта шосселік жолда орналасқан. N 44 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы жалпы шығыс-оңтүстік-шығыс бағытта шосселік жолмен 0.05 километр ұзақтықта жүреді, одан әрі бұрылады да түзу сызық бойынша оңтүстік бағытта 0.27 километр ұзақтықта өтіп, одан кейін бағытын оңтүстік-шығысқа қарай өзгертеді де түзу сызық бойынша 0.26 километр ұзақтықта жүріп отырып, атаусыз коллекторға дейін жүріп отырып, ол арқылы жалпы оңтүстік-оңтүстік-батыс бағытта N 45 шекаралық нүктеге дейін барады. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 0.88 километр құрайды.

N 45 шекаралық нүкте (1:10 000 масштабтағы K-42-103-A-a-3 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1997 жылғы басылым) су айдайтын мұнарадан батысқа қарай 1.23 километр қашықтықта, трансформатор будкасынан солтүстік-солтүстік-батысқа қарай 1.31 километр қашықтықта атаусыз коллектордың ортасында орналасқан. N 45 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы жалпы шығыс-оңтүстік-шығыс бағытта атаусыз коллектордың ортасымен N 46 шекаралық нүктеге дейін өтеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 2.31 километр құрайды.

N 46 шекаралық нүкте (1:10 000 масштабтағы K-42-103-A-a-3 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1997 жылғы басылым) су айдайтын мұнарадан оңтүстік-шығысқа қарай 1.22 километр қашықтықта, 409.2 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен солтүстік-шығысқа қарай 1.62 километр қашықтықта атаусыз коллектордың ортасында орналасқан. N 46 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы жалпы оңтүстік бағытта атаусыз коллектордың бойымен N 47 шекаралық нүктеге дейін өтеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 0.80 километр құрайды.

№ 47 шекаралық нүкте (1:10 000 масштабтағы К-42-103-А-а-3 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1997 жылғы басылым) трансформатор будкасынан батысқа қарай 1.57 километр қашықтықта, 409.2 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен шығыс-солтүстік-шығысқа қарай 1.15 километр қашықтықта атаусыз коллектор мен каналдың түйісуінде орналасқан. № 47 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы жалпы оңтүстік-оңтүстік-батыс бағытта атаусыз каналдың ортасымен 0.07 километр ұзақтықта өтеді және СТФ шарбағының солтүстік-батыс бұрышына жетіп, әрі қарай СТФ шарбағының батыс қапталымен өтеді, одан кейін автожолдың батыс қапталымен 0.38 километр ұзақтықта атаусыз арыққа жетеді де аталған арық бойымен жалпы оңтүстік-батыс бағытта № 48 шекаралық нүктеге жетеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 1.17 километр құрайды.

№ 48 шекаралық нүкте (К-42-103-А-а-3 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1997 жылғы басылым) 409.2 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен шығыс-оңтүстік-шығысқа қарай 0.49 километр қашықтықта, ЛЭП 110 кВ бұрылыс бағанасынан батысқа қарай 2.00 километр қашықтықта атаусыз арықтардың түйісуінде орналасқан. № 48 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы алқап бойымен жалпы батыс-оңтүстік-батыс бағытта 0.26 километрден кейін атаусыз коллекторға жетеді, әрі қарай осы коллектордың бойымен К-42-103-А-в-1 карта парағына көше отырып, № 49 шекаралық нүктеге жетеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 1.20 километр құрайды.

№ 49 шекаралық нүкте (К-42-103-А-в-1 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1997 жылғы басылым) 386.8 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен солтүстік-шығысқа қарай 0.41 километр қашықтықта, су айдайтын мұнарадан батысқа қарай 0.59 километр қашықтықта атаусыз коллекторлардың қиылысында орналасқан. № 49 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы атаусыз коллектордың ортасымен 1.16 километр ұзақтықта жалпы оңтүстік-шығыс бағытта жүріп, әрі қарай алқап бойымен жалпы оңтүстік-оңтүстік-батыс бағытта № 50 шекаралық нүктеге жетеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 1.70 километр құрайды.

№ 50 шекаралық нүкте (1:10 000 масштабтағы К-42-103-А-в-1 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1997 жылғы басылым) Янгиабад елді мекенінің батыс шетіне орналасқан 411.2/411.5 биіктік белгісі бар геодезиялық пунктпен біріктірілген. № 50 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы жалпы оңтүстік бағытта алқап бойымен арыққа дейін 0.12 километр жүреді, одан әрі арық бойымен Гулистан елді мекеніне дейін (қазақстандық атауы Достық) жүріп, одан кейін ауыларалық жолмен жүріп, алқап бойымен № 51 шекаралық нүктеге жетеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 1.50 километр құрайды. Гулистан (Достық) елді мекенінің учаскесіндегі шекаралық сызықтың нақтыланған өтуі 1:5 000, масштабтағы топографиялық сызба фрагментінде көрсетілген, 2000 жылғы түсірілім)

№ 51 шекаралық нүкте (1:10 000 масштабтағы К-42-103-А-в-1 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1997 жылғы басылым) 411.2/411.5 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен оңтүстікке қарай 1.16 километр қашықтықта, 390.1 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен шығыс-солтүстік-шығысқа қарай 0.96 километр қашықтықта Янгиюльский су қашыртқысының басында орналасқан. № 51 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы жалпы солтүстік-батыс бағытта Янгиюльский су қашыртқысының ортасымен № 52 шекаралық нүктеге дейін барады. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 3.25 километр құрайды.

№ 52 шекаралық нүкте (1:10 000 масштабтағы К-42-103-А-в-1 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1997 жылғы басылым) 386.8 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен батыс-оңтүстік-батысқа қарай 1.47 километр қашықтықта, 374.1 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен солтүстікке қарай 0.89 километр қашықтықта Янгиюльский су қашыртқысының далалық жолмен қиылысында орналасқан. № 52 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы түзу сызық бойынша батыс бағытта № 53 шекаралық нүктеге жетеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 0.13 километр құрайды.

№ 53 шекаралық нүкте (1:10 000 масштабтағы К-42-103-А-в-1 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1997 жылғы басылым, К-42-102-Б-г-2, 1988 жылғы жағдайы, 1994 жылғы басылым) 386.8 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен батыс-оңтүстік-батысқа қарай 1.59 километр қашықтықта, 374.1 биіктік белгісі бар геодезиялық пункттен солтүстік-солтүстік-батысқа қарай 0.92 километр қашықтықта орналасқан. № 53 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы оңтүстік-оңтүстік-батыс бағытта түзу сызық бойынша 0.43 километрден кейін ауыларалық және дала жолдарының қиылысына шығады, одан әрі далалық жол бойымен жүріп отырып, сол бағытта 0.08 километр ұзақтықта атаусыз арыққа өтеді, оның бойымен жалпы дәл сол оңтүстік-оңтүстік-батыс бағытта 0.52 километр ұзақтықта, одан әрі түзу сызық бойынша оңтүстік-шығыс бағытта 0.05 километрден кейін атаусыз коллекторға өтеді, осы коллектордың ортасымен жалпы оңтүстік-батыс бағытта 0.16 километрден кейін коллекторлардың түйісуіне жетеді, жалпы оңтүстік-шығысқа қарай бағытты өзгертеді де басқа коллектордың ортасымен 0.47 километрден кейін коллекторлардың келесі түйісуіне жетеді, жалпы оңтүстік-оңтүстік-батысқа қарай бағытты өзгертеді де атаусыз коллектордың ортасымен 1.29 километр өтеді, одан кейін түзу сызық бойынша оңтүстік-оңтүстік-батыс бағытта 0.32 километрден кейін тас жолға шығады, одан әрі бағытты оңтүстік-батысқа қарай өзгертеді де түзу сызық бойынша, К-42-102-Б-г-4 парағына көше отырып, 1.17 километрден кейін № 54 шекаралық нүктеге жетеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 4.49 километр құрайды.

№ 54 шекаралық нүкте (1:10 000 масштабтағы К-42-102-Б-г-4 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1997 жылғы басылым) 356.1 белгісі бар биіктіктен

шығысқа қарай 0.67 километр қашықтықта, атаусыз коллектор үстімен өтетін ЖБ 24-8140 көпірінен батыс-солтүстік-батысқа қарай 0.33 километр қашықтықта, Навои елді мекенінің батыс жағындағы атаусыз коллекторлардың түйісуінде орналасқан. N 54 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы батыс-оңтүстік-батыс бағытта түзу сызық бойынша N 55 шекаралық нүктеге жетеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 3.82 километр құрайды.

N 55 шекаралық нүкте (1:10 000 масштабтағы К-42-102-Б-г-4 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1997 жылғы басылым) 361.1 белгісі бар биіктіктен оңтүстікке қарай 1.24 километр қашықтықта трансформатордан солтүстік-солтүстік-батысқа қарай 1.10 километр қашықтықта арықтардың түйісуінде орналасқан. N 55 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы жалпы батыс-солтүстік-батыс бағытта арықтың ортасымен N 56 шекаралық нүктеге дейін барады. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 0.48 километр құрайды.

N 56 шекаралық нүкте (1:10 000 масштабтағы К-42-102-Б-г-4 карта парағы, 1994 жылғы жергілікті жердің жағдайы, 1997 жылғы басылым) 361.1 белгісі бар биіктіктен оңтүстік-оңтүстік-батысқа қарай 1.15 километр қашықтықта, трансформатордан солтүстік-солтүстік-батысқа қарай 1.30 километр қашықтықта арықтардың түйісуінде орналасқан. N 56 шекаралық нүктеден мемлекеттік шекара сызығы түзу сызық бойынша оңтүстік-оңтүстік-батыс бағытта К-42-102-Б-г-3 карта парағына көшеді де N 57 шекаралық нүктеге жетеді. Осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының жалпы ұзақтығы 1.02 километр құрайды.

